

"Қазақстан-мейірімділік аумағы" Республикалық балалар бастамасы шеңберіндегі іс-шаралар туралы» "Қостанай қаласы білім бөлімінің №14 негізгі жалпы білім беретін мектебі"ММ Ақпарат

"Қазақстан-мейірімділік аумағы" Республикалық балалар бастамасының шеңберінде 2020 жылдың қаңтар айында ЖМ 14-те 112 бала қатысты. Сынып жетекшілері іс-шаралар дайындап, өткізді.:

* балаларда өз Отаны ретінде тату, көп ұлтты ел ретінде Қазақстан Республикасы туралы түсінік қалыптастыру;

* танымдық қызығушылықты, есте сақтауды, ойлауды, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

* Отанға деген сүйіспеншілікке, отансүйгіштікке, достыққа тәрбиелеу.

"Қазақстан – мейірімділік аумағы" сынып сағатында мұғалімдер көп ұлтты және тату ел ретінде Қазақстан туралы түсінік берді.

"Қазақстан – мейірімділік аумағы" атты бейнероликті көргеннен кейін оқушылармен бірге Қазақстан халықтары арасындағы мейірімділік, қамқорлық және махаббат туралы түсінік қалыптастырылды.

Балалар өлең оқып, сахналауға қатысты, мейірімділік туралы әндер айтты.

Іс – шараның қорытынды бөлімінде рефлексия өткізілді-балалар бір-біріне деген ізгі тілектерін гулдерде жазып, сурет салып білдірді.



"Жақсылық барлық жерде" атты сыныптан тыс іс-шарада мейірімділік туралы өлеңдер оқылды, балалар "егер сен мейірімді болсаң..." ойынын ойнады, әркім өзінің жақсы іс-әрекеттерін атады және балаларға күні бойы мейірімді істерге арнау ұсынылды.

"Жақсылық жасауға асық" қайырымдылық сабағында оқушылар мейірімділік деген не, қай адамды мейірімді деп атауға болады деген ой айтты. Балалар жағдаяттарды талқылап, өз өмірінен мысалдар келтірді.

Оқушылар мейірімділік-адамның басты қасиеттерінің бірі деген қорытындыға келді. Жақсы істер жасай отырып, адам жақсы, асыл болады. Мейірімділік өмір сүру, бір-бірімен қарым-қатынас жасау оңай болу үшін қажет.

